

"Қазақ ұлттық аграрлық зерттеу университеті" коммерциялық емес акционерлік қоғамының 2026 – 2030 жылдарға арналған даму бағдарламасын бекіту туралы

Қазақстан Республикасы Үкіметінің 2026 жылғы 24 тамыздағы № 755 қаулысы

"Ғылым және технологиялық саясат туралы" Қазақстан Республикасының Заңы 5-бабының 5) тармақшасына сәйкес Қазақстан Республикасының Үкіметі **ҚАУЛЫ ЕТЕДІ** :

1. Қоса беріліп отырған "Қазақ ұлттық аграрлық зерттеу университеті" коммерциялық емес акционерлік қоғамының 2026 – 2030 жылдарға арналған даму бағдарламасы бекітілсін.

2. Осы қаулы қол қойылған күнінен бастап қолданысқа енгізіледі.

Қазақстан Республикасының
Премьер-Министрі

О. Бектенов

Қазақстан Республикасы
Үкіметінің
2026 жылғы 24 тамыздағы
№ 755 қаулысымен
бекітілген

"Қазақ ұлттық аграрлық зерттеу университеті" коммерциялық емес акционерлік қоғамының 2026 – 2030 жылдарға арналған даму бағдарламасы

Мазмұны

1-бөлім	Кіріспе ("Қазақ ұлттық аграрлық зерттеу университеті" коммерциялық емес акционерлік қоғамының 2026–2030 жылдарға арналған даму бағдарламасының (бұдан әрі – Бағдарлама) қысқаша аңдатпасы, паспорты)	2
2-бөлім	"Қазақ ұлттық аграрлық зерттеу университеті" коммерциялық емес акционерлік қоғамының ағымдағы жағдайы мен ұзақ мерзімді мақсаттарын ескере отырып перспективасын сипаттау	5
3-бөлім	Бағдарламаның аналитикалық және болжамдық негіздеме блогы	6
1-кіші бөлім	Ағымдағы жағдайды талдау	6
2-кіші бөлім	Трендтер мен сын-қатерлерді талдау	10

3-кіші бөлім	Даму болжамы және ықтимал даму сценарийлерін, олардың "Қазақ ұлттық аграрлық зерттеу университеті" коммерциялық емес акционерлік қоғамына әсерін анықтау	13
4-бөлім	Бағдарламаның пайымы	13
5-бөлім	Бағдарламаның миссиясы	14
6-бөлім	Стратегиялық басымдықтар	14
1-кіші бөлім	Қазақстанның жоғары және (немесе) жоғары оқу орнынан кейінгі білім беру жүйесіндегі орны мен рөлі	14
2-кіші бөлім	Академиялық саясат	15
3-кіші бөлім	Ғылыми қызметі	15
4-кіші бөлім	Цифрлық трансформация және жаһандық академиялық әріптестік	16
5-кіші бөлім	Инфрақұрылым	17
7-бөлім	Бағдарламаның мақсатына қол жеткізу жолдары	18
8-бөлім	Бағдарламаны іске асырудан күтілетін нәтижелерді сипаттау	19
9-бөлім	Бағдарламаның іске асыру қарқынын мониторингтеу және бағалау	20
1-қосымша	"Қазақ ұлттық аграрлық зерттеу университеті" коммерциялық емес акционерлік қоғамының 2026–2030 жылдарға арналған даму бағдарламасының нысаналы индикаторлары	
2-қосымша	"Қазақ ұлттық аграрлық зерттеу университеті" коммерциялық емес акционерлік қоғамының 2026–2030 жылдарға арналған даму бағдарламасының нысаналы индикаторларын іске асыру жөніндегі іс-шаралар жоспары	

1-бөлім. Кіріспе ("Қазақ ұлттық аграрлық зерттеу университеті" коммерциялық емес акционерлік қоғамының 2026–2030 жылдарға арналған даму бағдарламасының қысқаша аңдатпасы, паспорты)

Бағдарламаның атауы	"Қазақ ұлттық аграрлық зерттеу университеті" коммерциялық емес акционерлік қоғамының (бұдан әрі – ҚазҰАЗУ, университет) 2026 – 2030 жылдарға арналған даму бағдарламасы
	1) "Білім туралы" Қазақстан Республикасының Заңы ;

Бағдарламаны әзірлеу негіздемесі

- 2) "Ғылым және технологиялық саясат туралы" Қазақстан Республикасының Заңы;
- 3) Мемлекет басшысының 2023 жылғы 1 қыркүйектегі "Әділетті Қазақстанның экономикалық бағдары" атты Қазақстан халқына Жолдауын іске асыру жөніндегі шаралар туралы" Қазақстан Республикасы Президентінің 2023 жылғы 16 қыркүйектегі № 353 Жарлығы;
- 4) "Қазақстан Республикасының 2029 жылға дейінгі ұлттық даму жоспарын бекіту және Қазақстан Республикасы Президентінің кейбір жарлықтарының күші жойылды деп тану туралы" Қазақстан Республикасы Президентінің 2024 жылғы 30 шілдедегі № 611 Жарлығы;
- 5) Мемлекет басшысының 2024 жылғы 2 қыркүйектегі "Әділетті Қазақстан: заң мен тәртіп, экономикалық өсім, қоғамдық оптимизм" атты Қазақстан халқына Жолдауын іске асыру жөніндегі жалпыұлттық іс-шаралар жоспарын бекіту туралы" Қазақстан Республикасы Президентінің 2024 жылғы 25 қыркүйектегі № 658 Жарлығы;
- 6) Мемлекет басшысының 2025 жылғы 8 қыркүйектегі "Жасанды интеллект дәуіріндегі Қазақстан: өзекті мәселелер және оны түбегейлі цифрлық өзгерістер арқылы шешу" атты Қазақстан халқына Жолдауын іске асыру жөніндегі шаралар туралы" Қазақстан Республикасы Президентінің 2025 жылғы 13 қазандағы № 1042 Жарлығы;
- 7) "Қазақстан Республикасының агроөнеркәсіптік кешенін дамытудың 2021 – 2030 жылдарға арналған тұжырымдамасын бекіту туралы" Қазақстан Республикасы Үкіметінің 2021 жылғы 30 желтоқсандағы № 960 қаулысы;
- 8) "Қазақстан Республикасында жоғары білімді және ғылымды дамытудың 2023 – 2029 жылдарға арналған тұжырымдамасын бекіту туралы" Қазақстан Республикасы Үкіметінің 2023 жылғы 28 наурыздағы № 248 қаулысы;
- 9) "Жоғары және (немесе) жоғары оқу орнынан кейінгі білім беру ұйымының Даму бағдарламасының құрылымын және оны әзірлеу қағидаларын бекіту туралы" Қазақстан Республикасы Білім және ғылым министрінің 2018 жылғы 25 қазандағы № 590 бұйрығы;
- 10) "Қазақстан Республикасы Ауыл шаруашылығы министрлігінің 2026 – 2030 жылдарға арналған инвестициялық жоспарын бекіту туралы" Қазақстан Республикасы Ауыл шаруашылығы министрінің 2025 жылғы 25 желтоқсандағы № 495 бұйрығы;
- 11) "Ұлттық аграрлық ғылыми-білім беру орталығы " КеАҚ-тың (бұдан әрі – ҰАҒБО) 2024 – 2030 жылдарға арналған даму стратегиясы ("ҰАҒБО"

	КеАҚ-тың директорлар кеңесінің 2024 жылғы 30 сәуірдегі № 06/24 шешімімен бекітілген)
Бағдарламаны әзірлеуші орган	Қазақстан Республикасының Ауыл шаруашылығы министрлігі (бұдан әрі – АШМ)
Бағдарламаның мақсаты	ҚазҰАЗУ-ды халықаралық деңгейдегі аграрлық зерттеу университетіне айналдыру
Бағдарламаның міндеттері	1. Жоғары және (немесе) жоғары оқу орнынан кейінгі білім берудің барлық деңгейлерінде ғылыми және ғылыми-техникалық қызмет пен білім беру процесін интеграциялау 2. Корпоративтік басқарудың тиімді моделін құру және университеттің зияткерлік әлеуетін нығайту 3. Ғылыми және ғылыми-техникалық қызмет нәтижелерін коммерцияландыру және ғылыми әзірлемелер мен технологияларды өндіріске енгізу жөніндегі қызмет 4. Университеттің ғылыми-білім беру инфрақұрылымы мен цифрлық архитектурасын дамыту
Бағдарламаны іске асыру мерзімі	2026 – 2030 жылдар
Қаржыландыру көздері	Республикалық бюджет қаражаты, ҚазҰАЗУ-дың меншікті қаражаты, сондай-ақ Қазақстан Республикасының заңнамасымен тыйым салынбаған өзге де көздер

Бағдарлама елдің әлеуметтік-экономикалық дамуы жөніндегі стратегиялық құжаттарда көрсетілген міндеттерді орындау мақсатында әзірленді және аталған университетті халықаралық деңгейдегі аграрлық зерттеу университетіне айналдыруға бағытталған.

"Қазақ ұлттық аграрлық зерттеу университеті" КеАҚ-тың 95 жылдан астам тарихы бар. 1929 жылы Алматы зооветеринарлық институты, 1930 жылы Қазақ ауыл шаруашылығы институты ашылды. 1996 жылы осы екі жоғары оқу орны негізінде Қазақ мемлекеттік аграрлық университеті құрылды. 2001 жылы Қазақстан Республикасы Президентінің 2001 жылғы 5 шілдедегі № 648 Жарлығымен университетке ұлттық жоғары оқу орны деген ерекше мәртебе берілді, ал Қазақстан Республикасы Үкіметінің 2020 жылғы 23 қазандағы № 707 қаулысымен зерттеу университеті мәртебесі беріліп, оның 2020 – 2024 жылдарға арналған даму бағдарламасы бекітілді.

Аграрлық білім, ғылым және өндірістің интеграциясын күшейту мақсатында 2023 жылы қыркүйекте университеттің басқаруына ҚР АШМ 5 аграрлық ғылым субъектісі сенімгерлік басқаруға берілді. Олар: Қазақ егіншілік және өсімдік шаруашылығы ғылыми-зерттеу институты (ҚазЕӨШҒЗИ), Қазақ мал шаруашылығы және азық өндірісі ғылыми-зерттеу институты (ҚазМШАӨҒЗИ), Қазақ жеміс-көкөніс шаруашылығы ғылыми-зерттеу институты (ҚазЖКШҒЗИ), Қазақ қайта өңдеу және

тамақ өнеркәсібі ғылыми-зерттеу институты (ҚазҚӨТӨҒЗИ), "Меркі" тәжірибе шаруашылығы (бұдан әрі – ТШ).

Бағдарламаның мақсаты – ҚазҰАЗУ-ды халықаралық деңгейдегі аграрлық зерттеу университетіне айналдыру.

Трансформациялау нәтижесінде ҚазҰАЗУ зерттеу университетінің заманауи моделіне айналады: (1) ғылыми зерттеулер, (2) ғылыми және жоғары білікті мамандарды даярлау және (3) инновацияларды енгізу (Extension services).

2-бөлім. "Қазақ ұлттық аграрлық зерттеу университеті" коммерциялық емес акционерлік қоғамының ағымдағы жағдайы мен ұзақ мерзімді мақсаттарын ескере отырып перспективасын сипаттау

Бүгінде ҚазҰАЗУ еліміздің жетекші аграрлық жоғары оқу орны және Орталық Азиядағы басты ғылыми-білім беру хабы деген позицияны иеленіп отыр. Университет жоспарлы түрде әлемдік деңгейдегі зерттеу университетіне трансформацияланып келеді.

Жоғары оқу орны базасында заманауи ғылыми-зерттеу институттары, зертханалар мен инновациялық орталықтар жұмыс істейді.

Әлемнің жетекші аграрлық университеттерімен және орталықтарымен бірлескен білім беру бағдарламалары, қос диплом бағдарламалары мен ғылыми тағылымдамалар белсенді түрде жүзеге асырылуда.

Университет агроөнеркәсіптік кешенді цифрландыру және тұрақты дамыту міндеттерін шешуге қабілетті жаңа формациядағы мамандарды даярлайды.

ҚазҰАЗУ-ды дамытудың стратегиялық векторы Қазақстан Республикасының аграрлық ғылымы мен білімінің жаһандық бәсекеге қабілеттілігін қамтамасыз етуге бағытталған.

Негізгі ұзақ мерзімді мақсаттарға мыналар кіреді:

ғылыми әзірлемелерді коммерцияландыру, ғылымды қажет ететін стартаптар құру және экономиканың нақты секторымен тығыз интеграциялану;

цифрландыру мен Smart-Agriculture дамыту – дәлме-дәл егіншілік технологияларын, жасанды интеллектіні білім беру бағдарламаларына, оқу пәндеріне және зерттеу процестеріне енгізу;

ауыл шаруашылығын климаттың өзгеруіне бейімдеудің инновациялық әдістерін әзірлеу, су ресурстарын тиімді пайдалану және органикалық егіншілікті дамыту.

Негізгі бағыттар бойынша перспективалар.

Білім беру қызметі:

білім беру бағдарламаларын жаңарту – пәнаралық мамандықтарға (агроинформатика, биотехнология, агроэкология және басқалар) басымдық беру;

практикаға бағдарланған оқыту – білім алушылардың АӨК-тің озық кәсіпорындарында практикадан және тағылымдамадан өтуі арқылы дуалды оқыту жүйесін кеңейту;

академиялық ұтқырлық – шетелдік профессорлар мен жақын және алыс шетелдерден студенттерді тартуды күшейту.

Ғылыми-инновациялық экожүйе:

инновацияларды өндіріске жедел енгізу үшін ғылым, бизнес және мемлекеттің күш-жігерін біріктіру;

зерттеулердің басым бағыттарын дамыту: ауыл шаруашылығы дақылдарының құрғақшылыққа төзімді жаңа сұрыптарының селекциясы мен тұқым шаруашылығы; ветеринарлық қауіпсіздік және цифрлық мал шаруашылығы; су ресурстары тапшылығы жағдайында суды үнемдейтін суару технологиялары;

студенттік стартаптарды кеңейту.

Инфрақұрылымдық және қаржылық даму:

материалдық-техникалық базаны жаңғырту – зертханаларды заманауи құрал-жабдықтармен жарақтандыру, ауыл шаруашылығы техникасы паркін жаңарту, білім алушыларды практикалық даярлау базасын құру: оқу-тәжірибе шаруашылығында құс фермалары мен смарт-фермаларды, орман питомниктерін құру;

қаржылық тұрақтылық – шаруашылық шарттық ғылыми-зерттеу қызметі, эндаумент-фонд және халықаралық гранттар есебінен қаржыландыру көздерін диверсификациялау.

Даму бағдарламасын іске асырудан күтілетін нәтижелер:

әлемнің бейінді университеттері арасында халықаралық рейтингтердегі (QS және басқалар) позицияларды көтеру;

түлектерге сұранысты арттыру – университетті бітіргеннен кейінгі бірінші жылы түлектердің кемінде 90 %-ын жұмысқа орналастыру;

ел экономикасына үлес қосу – Қазақстанның экологиялық таза ауыл шаруашылығы өнімдерінің экспортын арттыруға ықпал ететін өндіріске енгізілген отандық ғылыми әзірлемелердің үлесін көбейту.

3-бөлім. Бағдарламаның аналитикалық және болжамдық негіздеме блогы

1-кіші бөлім. Ағымдағы жағдайды талдау

Қазақстанда "Ауыл шаруашылығы және биоресурстар" және "Ветеринария" білім беру салалары бойынша мамандар даярлау 24 жоғары және (немесе) жоғары оқу орнынан кейінгі білім беру ұйымында (бұдан әрі – ЖЖОКБҰ) жүргізіледі, оның ішінде Қазақстан Республикасы Ауыл шаруашылығы министрлігінің 3 ЖЖОКБҰ-нда жүргізіледі: ҚазҰАЗУ (Алматы қаласы); С. Сейфуллин атындағы Қазақ агротехникалық зерттеу университеті (Астана қаласы); Жәңгір хан атындағы Батыс

Қазақстан аграрлық-техникалық университеті (Орал қаласы). Өңірлік 10 ЖЖОКБҰ-да факультеттер бар, 11-інде мамандарды даярлау мамандандырылған кафедраларда жүргізіледі.

ҚазҰАЗУ-да ғана мамандарды даярлау барлық 7 бағыт бойынша жүргізіледі. Атап айтқанда: өсімдік шаруашылығы, мал шаруашылығы, орман шаруашылығы, балық шаруашылығы, агроинженерия, су ресурстары және суды пайдалану, ветеринария.

ҚазҰАЗУ құрамында 6 факультет (24 кафедра) бар: агробиология; зооинженерия және тамақ өндірістерінің технологиясы; ветеринария; су, жер және орман ресурстары; инженерлік-техникалық; бизнес және құқық.

ҚазҰАЗУ 130 білім беру бағдарламасын (бұдан әрі – БББ) жүзеге асыруда, оның ішінде 56 – бакалавриат, 53 – магистратура және 21 – докторантура. Барлық білім беру бағдарламалары халықаралық және ұлттық аккредитациядан өтті.

2024–2025 оқу жылында білім алушылар контингенті 6215 адамды құрады, оның ішінде бакалавриат – 5791, магистратура – 254, докторантура – 170 адам. Мемлекеттік білім беру гранттары бойынша білім алушылардың үлесі 71,5 %-ды құрайды. Профессор-оқытушылар құрамының (бұдан әрі – ПОҚ) саны – 478 адам, оның ішінде 44 ғылым докторы, 149 ғылым кандидаты, 78 PhD докторы, 123 магистр, 84 адамның ғылыми дәрежесі жоқ. Ғылыми дәреже көрсеткіші – 56,7 %.

Сонымен қатар университетке жыл сайын бюджет есебінен және бюджеттен тыс қаражат есебінен Еуропа, Азия, АҚШ және ТМД елдерінің жетекші елдерінен дәріс оқу үшін 100 оқытушы шақырылады.

2025 жылы университеттің жалпы бюджетінде ғылыми қызметтен, инновациялық әзірлемелерден және комерцияландыру жобаларынан түскен кірістің үлесі 23 %-ды құрады. Ғылыми зерттеу жұмыстарына профессор-оқытушылар құрамының (бұдан әрі – ПОҚ) 29,0 %-ы тікелей қатысады.

ҚазҰАЗУ-дың басты шетелдік стратегиялық серіктестері: QS-WUR әлемдік рейтингінде аграрлық білім және ғылым бойынша жетекші орындарға ие Wageningen (Нидерланд), AgroParisTech (Франция), University of Nebraska-Lincoln (АҚШ) университеттері болып табылады.

ҚазҰАЗУ-да "Ташкент ирригация және ауыл шаруашылығын механикаландыру инженерлері институты" ұлттық зерттеу университетінің (ТИАМИИ ҰЗУ) филиалы құрылды.

Қытайдың ғылыми орталықтарымен және жоғары оқу орындарымен жұмыстар жүргізілуде.

Білім беру, ғылыми-зерттеу және инновациялық қызметтің қажеттіліктеріне бағытталған ҚазҰАЗУ-дың нысаналы өңіріне Қазақстанның Оңтүстік және Оңтүстік-Шығыс өңірлері жатады, олар: Алматы қаласы, Абай, Алматы, Шығыс Қазақстан, Жамбыл, Қызылорда, Түркістан, Жетісу, облыстары, Шымкент қаласы.

2021 жылы нысаналы өңірлердің ауыл, орман және балық шаруашылығында (өзін-өзі жұмыспен қамтығандарды қоспағанда) 599 мың адам немесе Қазақстан Республикасындағы осы салаларда жұмыспен қамтылғандардың жалпы санының 55,5 %-ы жұмыспен қамтылды. Егер республика бойынша орта есеппен ауыл, орман және балық шаруашылығында жұмыспен қамтылғандардың үлесі 13,4 %-ды құраса, нысаналы өңірде бұл көрсеткіш 1,5 есе жоғары. Яғни, тұтас елге қарағанда нысаналы өңірдің әлеуметтік-экономикалық дамуы үшін агроөнеркәсіптік кешеннің (бұдан әрі – АӨК) маңызы жоғары.

Қазіргі уақытта шетелдік стратегиялық әріптестердің қатысуымен ғылыми-білім беру процесін одан әрі жетілдіру жөніндегі іс-шаралар кешені іске асырылып келеді. Мәселен, Wageningen (Нидерланды) университетімен "Ветеринариялық азық-түлік қауіпсіздігі және технологиясы", "Өсімдіктер туралы ғылым және технологиялар" екі білім беру бағдарламасы бойынша мамандар даярлануда, олар Білім беру бағдарламаларының тізіліміне енгізілген. Университетте Wageningen университетімен ынтымақтасу институты жұмыс істейді.

AgroParisTech университетімен бірлесіп оқу бағдарламаларын жаңғырту, көпдеңгейлі модульдік жүйені енгізу бойынша жұмыс басталды. ҚазҰАЗУ-дың білім беру бағдарламаларына аудит жүргізілді, STEM-пәндері (физика, химия, биология, экология, математика) бойынша силлабустар әзірленді. Nebraska-Lincoln университетімен (АҚШ) бірлескен қос дипломды білім беру бағдарламалары әзірленуде.

Сондай-ақ ҚазҰАЗУ-да студенттерді оқытудың практикалық бағытын күшейту жұмыстары басталды:

облыс әкімдерінің қолдауымен студенттер практикасының базасы ретінде 350 ірі агроқұрылым белгіленді;

ғылыми-зерттеу институттарының жетекші ғалымдары кафедра қызметкерлері болып жұмыс істеп жүр, бұл ПОҚ штатының 20 %-ын құрайды;

өндірістің нақты секторының өзекті мәселелері бойынша дәрістерді кәсіпорындар басшылары, бизнесмендер оқиды – барлығы 60 стейкхолдер;

университеттің өз оқу-тәжірибелік шаруашылығы, Қазақстан-Нидерланды интенсивті бағы, Қазақстан-Корей инновациялық жылыжайы, су хабы, ветеринариялық клиникасы, ҚазЖКШҒЗИ, ҚазЕжӨШҒЗИ, ҚазМЖӨҒЗИ тәжірибелік алқаптары, сондай-ақ жалпы ауданы 25 мың гектарды құрайтын "Мерке" ТШ бар. Осы құрылымдардың базасында студенттер практикалық білім алатын дуалды оқыту жүргізіледі. Академиялық күнтізбе өзгерді, аграрлық мамандықтардың студенттері ауыл шаруашылығы жұмыстарының маусымы кезінде практикалық жұмыс дағдыларын меңгереді.

Университетте Ауыл шаруашылығы министрлігі департаменті (USDA, АҚШ) сарапшыларының ұсынысына сәйкес және INRA (Франция), INTA (Аргентина),

EMBRAPA (Бразилия) сияқты жетекші ғылыми орталықтардың тәжірибесі негізінде құрылымдар құрылды. Бұл құрылымдардың мақсаты – АӨК-тегі озық инновациялық технологиялар мен жаңа білімді іздеу, тарту және беру. Олардың көпшілігі халықаралық агенттіктермен аккредитацияланған және ЖЖОКБҰ, ғылыми-зерттеу институттарының (бұдан әрі – ҒЗИ) ғалымдары және агроқұрылымдар мамандарының ұжымдық пайдалануы үшін қолжетімді.

Азия Даму Банкінің қолдауымен 2017 жылы Халықаралық зерттеу орталығы – "су хабы" құрылып, оның құрамына: "Су ресурстары және мелиорация" кафедрасы, 14 зерттеу зертханасы, гидротехниктердің біліктілігін арттыру институты, су проблемалары және халықаралық су ынтымақтастығы ғылыми-зерттеу институты кіреді. Су хабының миссиясы су ресурстарын тиімді басқару үшін Қазақстан мен Орталық Азияның барлық су ғалымдарының күш-жігерін су мәселесіне жұмылдыру болып табылады. 2024 – 2025 оқу жылында гидротехниктердің біліктілігін арттыру институтында су шаруашылығы саласының 75 маманы білімін жетілдірді.

Университет ғалымдары стартаптар әзірлеуде. Ғылым және жоғары білім министрлігінің (бұдан әрі – ҒЖБМ) Ғылым комитетінің желісі бойынша "Инновациялық технология бойынша бие және түйе сүтінің құрғақ ұнтағынан лактоферрин өндіруді ұйымдастыру" тақырыбында 230 млн теңге сомасында коммерцияландыру жобалары іске асырылды. "LFCompany" ЖШС бизнес-серіктес болды. Өнімдер экспортқа бағытталған.

Ғылыми әзірленген рецептуралар мен заманауи технологиялық процестерді қолдана отырып, реторт пакеттер мен ламистерлі ыдыстар секілді инновациялық қаптамада түйе еті (түйенің бұқтырылған еті, түйе еті қосылған күріш, қарақұмық, арпа) негізінде ет және ет-өсімдік консервілерін өндіретін типтік шағын зауыт құрылды.

"Халықаралық стандарттарға сәйкес жергілікті экологиялық таза азық негізінде өсірілген балықтан (тиляпия, Африкалық кларий жайыны және т.б.) органикалық тағам өнімдерін өндіру" жобасы бойынша тұйық (ағынсыз) сумен қамту жүйесінде балықты өнеркәсіптік молайту барысында тиялия мен кларий жайындарын толық рационды азықтандырудың ғылыми және практикалық негізі жасалды.

Университет ғалымдары 100-ге жуық зерттеу, енгізу және халықаралық жобаларын жүзеге асыруда. Ғылыми-зерттеу жобаларын жүзеге асыруға магистранттар мен докторанттардың 100 %-ы тартылған.

ҚазҰАЗУ әлемнің 175 жетекші ЖОО-сымен және ғылыми орталықтарымен, оның ішінде Қытаймен ынтымақтастықта жұмыс істейді. 2024 – 2025 жылдары Хэнань ауыл шаруашылық университетімен бірлесіп "Qianlian Landscape Design Engineering Co" компаниясының қолдауымен Қазақ-Қытай халықаралық агротехнологиялар және ландшафт архитектурасы ғылыми-зерттеу орталығы; ветеринарлық медицина және азық-түлек қауіпсіздігінің халықаралық зертханасы, сонымен бірге қытай тілі мен мәдениеті орталығы ашылды. Солтүстік Батыс университетімен бірлесіп Қытай-Қазақ

SciTech демонстрациялық паркі құрылды, оның жұмысы топырақты сауықтыру және ауыл шаруашылығында суды тиімді тұтынуға бағытталған. Қытай аграрлық университетімен және "Eavision" компаниясымен бірлесіп ауыл шаруашылық дрондарын басқару бойынша Қазақ-Қытай зерттеу және оқыту орталығы ашылды.

Университет жоғары білім мен ғылым бойынша 4 халықаралық ассоциацияның мүшесі болып табылады.

Университетте мынадай орталықтармен бірлескен халықаралық ғылыми жобалар жүзеге асырылуда:

USDA және Мичиган штатының университетімен – Ақмола облысындағы жайылымдық аумақтарды бағалау бойынша;

NASA және жаһандық өзгерістер мен жерді бақылау орталығымен – "Қазақстан мен Моңғолиядағы тамақ өнімдерінің, энергия және судың өзара тәуелді динамикасы" тақырыбында;

дүниежүзілік көкөніс өсіру орталығымен (WVC) – көкөніс дақылдарының жаңа сұрыптарын өсіру бойынша;

Қытай аграрлық университетімен және "DAYU Irrigation Group" компаниясымен – Алматы облысының өзендерінде суды есепке алудың цифрлық технологияларын енгізу, суарудың түрлі технологияларын модельдеу және басқалары бойынша.

Сонымен қатар қойылған мақсаттарға қол жеткізуге кедергі келтіретін бірқатар жүйелік проблемалар бар.

Атап айтқанда, Қазақстанның барлық оқу орындарында сияқты ҚазҰАЗУ-да да үш бағыт бір-бірінен алшақ жұмыс істейді, олар: АӨК үшін кадрлар даярлау, АӨК саласындағы ғылыми зерттеулер, өндіріске жаңа технологияларды енгізу.

АӨК үшін кадрлар даярлау саласындағы негізгі проблема – мамандарды даярлау сапасының жұмыс берушілердің үмітін ақтамауы.

Жоғары білімі бар мамандарды даярлау сапасына мынадай себептер әсер етеді: оқыту технологияларының ескіруі; аграрлық ғылым мен білім берудің өндіріспен байланысының әлсіздігі; АӨК субъектілерінің ғылыми және (немесе) ғылыми-техникалық қызмет нәтижелеріне (бұдан әрі – ГТҚН) және оларды өндіріске енгізуге деген сұранысының төмендігі; университеттердің материалдық-техникалық базасының ескіруі. Жетекші ауыл шаруашылығы өндірушілерінің технологиялық тұрғыдан жабдықталуы деңгейі ЖЖОКБҰ-ға қарағанда едәуір жоғары. Өз кезегінде материалдық-техникалық база (бұдан әрі – МТБ) нақ осылай жабдықталмайынша, түлектерді даярлаудың талап етілетін деңгейіне қол жеткізу мүмкін емес;

Білім алушылардың практикалық дайындығының жеткіліксіздігі. ЖОО-ларда ескірген инфрақұрылыммен қатар практикалық оқытуға арналған инфрақұрылым тапшылығы байқалады. Басқа ұйымдарда практикadan өтуге ол тараптың мүдделілігінің болмауы, ал университеттерде практиканы сапалы ұйымдастыру үшін қаржылық мүмкіндіктердің болмауы кедергі болып отыр;

Аграрлық ғылымның сервистік инфрақұрылымының дамымауы, білімді таратудың, агротехнологияларды трансферлеу мен коммерцияландырудың тұтас жүйесінің іс жүзінде болмауы, сондай-ақ оларды қаржыландырудың жеткіліксіздігі;

Дамыған әлем елдерінің жетекші ғылыми орталықтарымен өзара іс-қимылдың әлсіздігі; академиялық ұтқырлық бағдарламасының жүйесіз және тұрақсыз жұмыс істеуі салдарынан ПОҚ пен білім алушылардың озық шетелдік білім мен технологияларды игерудегі мүмкіндіктерінің шектеулілігі.

2-кіші бөлім. Трендтер мен сын-қатерлерді талдау

Бүкіл әлемде азық-түлік қауіпсіздігі ұлттық қауіпсіздікті қамтамасыз етудің басты шарттарының бірі және экономиканы дамытудың басым бағыты болып табылады.

Біріккен Ұлттар Ұйымының (бұдан әрі – БҰҰ) азық-түлік қауіпсіздігі және тамақтану туралы баяндамасының деректеріне сәйкес 2023 жылы әлемде әрбір он бірінші адам аштыққа ұшыраған. Африкада – әрбір бесінші адам.

2023 жылы шамамен 2,33 млрд адам немесе аса қажетті азық-түлік тапшылығы жағдайында болды. Олардың ішінде 864 млн астам адам бір немесе бірнеше күн бойы азықсыз қалған.

Азық-түлік тапшылығы мәселесі кедейлік, нашар тамақтану, төтенше климаттық жағдайлар, әлсіз мемлекеттік саясат пен экономика сияқты әртүрлі факторларға байланысты.

Азық-түлік қауіпсіздігі бойынша әлем елдерінің 2022 жылғы рейтингінде Қазақстан 32-ші орында. Индекс 72,1 балды құрады.

Сондықтан бүкіл әлемдегі сияқты Қазақстан үшін де азық-түлік қауіпсіздігін қамтамасыз ету маңызды болып табылады.

Республикада ауыл шаруашылығы өнімдерін өндірумен 303,8 мыңнан астам агроқұрылым айналысады, оның 93,9 %-ы жеке кәсіпкерлер мен шаруа (фермер) қожалықтары. Бұдан басқа ауыл шаруашылығы өнімдерін өндірумен 0,6 млн астам жеке қосалқы шаруашылық айналысады, олар өсімдік шаруашылығы өнімдерінің 26,3 %-ын және мал шаруашылығы өнімдерінің 55,9 %-ын өндіреді. Шаруа (фермер) қожалықтарының 58,6 %-ының ауыл шаруашылығы алқаптары 50 га-дан, ал 79 %-ының егістік жері 50 га-дан аспайды. Бұл елдегі АӨК-тегі өндірістің ұсақ тауарлы екендігін көрсетеді. Осыған байланысты ауылдағы кооперация әлі де дамымай қалып отыр. Статистика деректері бойынша елде 3284 ауыл шаруашылығы кооперативі тіркелген. Қазіргі таңда олардың көпшілігі жұмыс істемейді.

Урбанизация мәселесі және ауыл тұрғындарының қалаларға кету үрдісінің күшеюі ауыл шаруашылығындағы жұмыс күшінің тапшылығына байланысты. Ауыл шаруашылығы саласының мамандықтары еңбекақы деңгейінің төмендігіне байланысты, ауыл тұрмысының қолайсыздығына, ауылдағы әлеуметтік инфрақұрылымның төмен болуына байланысты жастар арасында сұранысқа ие емес. Жас мамандарды ауылда

тұрақтандыру үшін мемлекеттік ынталандырудың бағдарламалары тиімді жұмыс істемейді.

Ауылдағы кадр тапшылығы мәселесін еңбек өнімділігін арттыру есебінен, оның ішінде ауыл шаруашылығын энергиямен жабдықтау деңгейін арттыру және саланы ғылымды қажетсінетін агротехнологияларға көшіру арқылы шешу қамтамасыз етілуге тиіс. Сонымен қатар, еңбек өнімділігі деңгейі бойынша Қазақстанның ауыл шаруашылығы дамыған елдерден едәуір артта қалып отыр. Мысалы, Беларусьда ауыл шаруашылығында жұмыспен қамтылған бір қызметкерге 33,5 мың АҚШ доллары көлеміндегі өнімнен келсе, ал Ресейде бұл көрсеткіш 18,4 мың АҚШ долларын құрайды.

Қазақстан Республикасы Үкіметінің 2021 жылғы 30 желтоқсандағы № 960 қаулысымен бекітілген Қазақстан Республикасының агроөнеркәсіптік кешенін дамытудың 2021 – 2030 жылдарға арналған тұжырымдамасында ауыл шаруашылығындағы еңбек өнімділігін 2020 жылмен салыстырғанда 3 есеге ұлғайту қажеттілігі атап өтілді.

2023 жылдың бірінші жартыжылдығының қорытындысы бойынша еңбек өнімділігі экономика бойынша орташа көрсеткіштен 3,7 есе, тауарлар өндірісі саласындағы көрсеткіштен 5,2 есе және қызмет көрсету саласындағы көрсеткіштен 3,1 есе төмен болды.

Қазақстанның ауыл шаруашылығындағы еңбек өндірісі географиялық сипаттамалары ұқсас басқа дамыған елдерге қарағанда едәуір төмен. Мысалы, Канадада 2022 жылдың аяғында ауыл шаруашылығының бір қызметкеріне 113 мың АҚШ доллары қосылған құн болса, Қазақстанда небәрі 7,6 мың АҚШ долларын құрады.

Ауыл шаруашылығындағы еңбек өнімділігінің деңгейіне ауылдық тауар өндірушілердің білім деңгейінің жеткіліксіздігі, агротехникалық әдістерді білмеуі, малдарды күтіп-бағу талаптарының сақталмауы да әсер етеді.

Бүгінде еліміздің фермерлік шаруашылықтарында 255,3 мыңнан астам адам жұмыс істейді, олардың тек 29,7 % ғана жоғары және (немесе) жоғары оқу орнынан кейінгі білімі бар.

Осыған байланысты білім тарату жүйесі жетілмей қалып отыр. Есептік деректерге сүйенсек, елде небәрі 25 білім тарату орталығы жұмыс істейді, бұл көрсеткіш ауыл шаруашылығы дамыған елдермен салыстырғанда он есе аз.

Ағымдағы кезеңдегі басты сын-қатерлердің бірі – жаһандық климаттың өзгеруі және осыған байланысты экономиканың аграрлық секторын дамытуда туындайтын қиындықтар.

Сондықтан АӨК-ті дамыту векторында нақты осы факторлар ескерілуі тиісті.

Атап айтқанда қолайсыз ауа райы жағдайларына бейімделген заманауи агротехнологияларды әзірлеп, өндіріске енгізу, ауруларға және климаттағы күрт

ауытқуларға төзімді өсімдіктердің жаңа сұрыптары қажет. Әсіресе су мәселесін шешу өте маңызды. Жаһандық климаттың өзгеруі тұщы су тапшылығына әкелді. Қазақстан су ресурстары тапшылығы бар елдер санатына жататындықтан, осы жаһандық сын-қатердің кері әсері еліміз үшін ауыр зардаптар әкелуі мүмкін.

Аграрлық ғылымды дамытып, заманауи білікті мамандарды даярламай, жоғарыда көрсетілген проблемаларды шешу мүмкін емес. Сондықтан аграрлық ғылым мен мамандарды даярлау ең алдымен, қазіргі заманғы жаһандық сын-қатерлердің әсерінен туындайтын проблемаларды шешуге бағытталуға тиіс.

Ғылымды қаржыландыру деңгейі бойынша әлемдегі мемлекеттер үш топқа бөлінеді : 1) жоғары көрсеткіштері бар – жалпы ішкі өнімнің (бұдан әрі – ЖІӨ) 3 %-ынан астамы; 2) орташа – 1-3 %; 3) төмен – 1 %-дан аз.

Әлемнің жетекші елдерінде ғылыми-зерттеу және тәжірибелік-конструкторлық жұмыстарға (бұдан әрі – ҒЗТКЖ) жұмсалатын шығыстар ЖІӨ-нің 2-3 %-ын құрайды, оның ішінде Израильде – 5,56 %, Швецияда – 3,42 %, АҚШ-та – 3,4 %, Жапонияда – 3,30 %, Германияда – 3,14 %. Қытайдың ҒЗТКЖ шығыстары қарқынды өсуде. Ағымдағы онжылдықта Қытай ғылымға жұмсалатын шығыстар көлемі бойынша Еуропалық одақ елдерін, ал келесі онжылдықта АҚШ-ты қуып жетеді деген болжам бар. Сондай-ақ ЮНЕСКО сарапшылары ғылымға жұмсалатын барлық шығындардың 60 %-дан астамы тек екі елге – АҚШ пен Қытайға тиесілі екенін атап өтеді.

Экономикасы дамыған елдердің көпшілігінде бұл көрсеткіш ЖІӨ-нің шамамен 2 %-ына, өтпелі экономикасы бар елдерде 1,5 %-ына (Ресейде 0,94 %-ына) тең. Сонымен қатар елдердің 80 %-ы ғылыми зерттеулерге ЖІӨ-нің кемінде 1 %-ынан аз мөлшерін инвестициялайды, олардың ішінде Қазақстан да бар. ҚР ҒЖБМ ресми деректері бойынша ғылымды қаржыландыру көлемі ЖІӨ-нің 0,12 %-ынан аспайды.

Дамыған елдерде жаңа білімді немесе шешімдерді қамтитын жаңа немесе озық технологиялардың, өнімдердің, жабдықтардың үлесіне ЖІӨ өсімінің 70-тен 85 %-ға дейінгі көлемі тиесілі. Мәселен, Германияда кәсіпорындардың 71,8 %-ы, Бельгияда 53,6 %-ы, Эстонияда 52,8 %-ы, Финляндияда 52,5 %-ы және Швецияда 49,6 %-ы тұрақты түрде технологиялық инновацияларды енгізуді жүзеге асырады, ал Қазақстанда бұл көрсеткіш 31,9 %-дан төмен (Қазақстан Республикасы Үкіметінің 2021 жылғы 30 желтоқсандағы № 960 қаулысымен бекітілген Қазақстан Республикасының агроөнеркәсіптік кешенін дамытудың 2021 – 2030 жылдарға арналған тұжырымдамасы).

Аграрлық ғылымды дамыту, оны бәсекеге қабілетті кадрларды даярлаумен сабақтастыру, өндіріске инновацияларды енгізу арқылы ҚазҰАЗУ осы проблемаларды шешуге белсене атсалысуға тиіс.

3-кіші бөлім. Даму болжамы және ықтимал даму сценарийлерін, олардың "Қазақ ұлттық аграрлық зерттеу университеті" коммерциялық емес акционерлік қоғамына әсерін анықтау

Болжам бойынша жаһандық сын-қатерлердің күшеюі, әлемдік саяси, экономикалық және демографиялық ахуалдың шиеленісуі аясында әлемдегі азық-түлік қауіпсіздігі мәселесінің өзектілігі арта түседі.

БҰҰ Экономикалық және әлеуметтік мәселелер департаментінің баяндамасына сәйкес жақын арадағы 50 – 60 жылда әлемдегі халық саны 8,2 млрд жоғары болады: халық санының ең жоғары көрсеткіші 2080 жылдары 10,3 млрд адамға жетеді деп күтілуде. Осыдан кейін өсім тоқтайды, ал 2100 жылға қарай планета халқының саны 10,2 млрд дейін біршама азаяды. Осы ғасырда ең жоғарғы көрсеткішке қол жеткізу ықтималдығы өте жоғары – 80 %.

Мұндай жағдайда Қазақстан екі бірдей міндетті іске асыруы қажет, атап айтқанда, өзінің азық-түлік қауіпсіздігін қамтамасыз етуі және қазіргі әлеуетті ескере отырып әлемдік нарықтарға азық-түлік тауарларын жеткізу бойынша өңірдегі көшбасшыға айналуға тиіс. Алайда, бұл мақсатқа қол жеткізу үшін біздің агроөнеркәсіптік кешеніміз жоғары бәсекелестік сапаға ие болуы тиіс. Мұның бәрі аграрлық ғылымның соңғы жетістіктерін өндіріске кеңінен енгізу, саланың инвестициялық тартымдылығына, еңбек өнімділігін арттыру және өндірісті заманауи құзыреттерді меңгерген мамандармен қамтамасыз ету есебінен экономиканың аграрлық секторының бәсекеге қабілеттілігін арттыруға бағытталған кешенді шаралар қабылдауды талап етеді. Бұл үдерісте еліміздің аграрлық бейіндегі жетекші университеті – ҚазҰАЗУ-ға үлкен міндет жүктеледі.

Алайда, қазіргі материалдық-техникалық жарақтандыру, зерттеу және білім беру қызметін ұйымдастыру деңгейімен, сондай-ақ кадрлар құрамымен ҚазҰАЗУ алға қойылған міндеттерді шешуі екіталай. Озық әлемдік тәжірибеге сүйене отырып жүйелі өзгерістер мен түбегейлі реформалар жүргізу қажет болады. Осы тұрғыдан алғанда, ең жақсы ұсыныс – зерттеу университетін әрі қарай дамыту, онда зерттеу қызметі, білім беру және ғылыми жетістіктерді өндіріске енгізу процестері біртұтас жүйеге біріктірілуі керек. Осы аталған Бағдарлама осы мақсатқа сай әзірленді.

4-бөлім. Бағдарламаның көзқарасы

Бағдарламаның көзқарасы: Қазақстанның, Орта және Орталық Азияның аграрлық бейіндегі элиталық ғылыми-инновациялық ЖОО атану, ол:

ғылыми-зерттеу ұйымдарымен және экономиканың нақты секторымен әріптестікте халықаралық стандарттар деңгейінде ғылыми-білім беру процесін жүзеге асырады;

инновациялық аграрлық зерттеулердің және ауыл шаруашылығындағы өзгерістердің драйвері болып табылады;

білім мен технологиялардың таралуын, инновациялық ғылыми-білім беру инфрақұрылымын қалыптастыруды және дамытуды қамтамасыз етеді;

адами капиталды дамыту үшін жағдай жасауға кепілдік береді;

QS-WUR әлемдік рейтингіндегі үздік 600 университеттің қатарына кіреді.

5-бөлім. Бағдарламаның миссиясы

Бағдарламаның миссиясы – аграрлық ғылымды дамыту, оның жетістіктерін өндіріске енгізу, АӨК үшін заманауи білімі бар бәсекеге қабілетті және құзыретті кадрларды даярлау арқылы экономиканың аграрлық секторын өркендету және елдің азық-түлік қауіпсіздігін қамтамасыз ету.

Бағдарламаның құндылықтары – Қазақстанда ғылымды, білім беруді және өндірісті интеграциялаудың заманауи моделін құру және оны еліміздің басқа ЖОО-ларына трансформациялау.

6-бөлім. Стратегиялық басымдықтар

1-кіші бөлім. Қазақстанның жоғары және (немесе) жоғары оқу орнынан кейінгі білім беру жүйесіндегі орны мен рөлі

ҚазҰАЗУ-дың Қазақстан Республикасының жоғары және (немесе) жоғары оқу орнынан кейінгі білім беру жүйесіндегі орны мен рөлі оның аграрлық ғылым мен білімнің флагманы, агроөнеркәсіптік кешенді (АӨК) технологиялық тұрғыдан жаңғыртудың драйвері және зерттеу университеті моделін енгізудегі көшбасшылардың бірі ретіндегі мәртебесінен көрінеді.

